



«Бекітемін»
Мектеп директорының м.а
Харахы Б. *[Signature]*
«01» 09 2023 жыл

«Келісемін»
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Азимхан Б. *[Signature]*
«01» 09 2023 жыл

ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ

7 – сынып

Сынып жетекші : Кенжебаева Зухра Куанышбековна

2023 - 2024 оқу жылы

МАҚСАТЫ:

Мақсаты: Өмірдің ағымдағы мәселелерін шешуге қабілетті сынып ұжымын ұйымдастыру; тұлғаны зерделеу және қажет болған жағдайда оқушылардың тәрбиесін түзету. Өскелең ұрпақты демократиялық қоғамда өмір сүруге үйрету; азаматтық белсенділік, құзыреттілікті қалыптастыру; сыни ойлау, жалпы және құқықтық мәдениет қалыптастыруға ықпал ету; азамат-патриоттың егемен тұлғасын қалыптастыру, ұлттық тәрбие-білім беру жүйелері жағдайында тұлғаны этникаландыру.

МІНДЕТІ:

Міндеттері:

- оқушылар туралы ақпарат жинау және талдау;
- оқушылардың даму деңгейін анықтау (ойлау, шығармашылық қабілеттері, физикалық және психологиялық денсаулығы және т.б.);
- тұлғалық-бағдарлық көзқарас негізінде әрбір баланың дамуы мен тәрбиесі үшін тиімді жағдайлар жасау. Тұлғаны әлеуметтердіру үшін жағдай жасау;
- азаматтық өзіндік сананы қалыптастыру;
- ұлттық келісім негізі ретінде ізгілікке, бейбіт сүйгіштікке тәрбиелеу;
- құқықтық сананы және заңға бағынушылықты тәрбиелеу;
- әлеуметтік дағдылар қалыптастыру;
- жеке адамдар мен халықтар арасында ынтымақтастыққа қабілетті тұлғаның өзіндігін нығайту;
- оқушыларда әлемдік мәдениеттің және Қазақстан мәдениетінің алуан түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру, оқушылардың этникалық тәрбиесі ерекшеліктерін ескеру негізі ретінде ұлттық тәрбие жүйесінде этнос субъектісін қалыптастыру.

2023-2024 оқу жылы оқушылармен өткізілетін жұмыстың негізгі бағыттары, формалары мен нысандары:

I. ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН ААЗАМАТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

II. РУХАНИ ТАНЫМДЫҚ ТӘРБИЕ

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

III. ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Мақсаты: Тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

IV. ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

V. ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

VI. КӨПМӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

Мақсаты: Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

VII. ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ТӘРБИЕЛЕУ

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

VIII. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау білік

тілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеністік орнату.

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

1. Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Міндеттері:

Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға; ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; 11 елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне; басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына; өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|--|---------------|-----------------|-----------------|
| 1 | «Қазақстан отанымыз біздің» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшісі | 1.09 / 06.09 |
| 2 | «Қауіңсіз мектеп ордасы» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшісі | 13.09 |
| 3 | «Қауіңсіз балалық шақ». «Электронды темекі несімен қауіпті?» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшісі | 20.09 |
| 4 | «Жол жүру ережесін сақтаймыз» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшісі | 27.09 |
| 5 | «Дін туралы не білеміз?» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшісі | 04.10 |
| 6 | «Адамгершілік ардың ісі» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшісі | 11.10 |
| 7 | «Бала тәрбиесі ортақ ісіміз» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшісі | 18.10 |
| 8 | «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшісі | 26.10 |

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Міндеттері:

мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына; өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет-ғұрпына; 12 діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылықтарға; түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне; өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|----|--------------------------------------|---------------|----------------|-----------------|
| 9 | «Адастырушы діни ағымдар» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшіі | 08.11 |
| 10 | «Жемқорлық саяси әлеуметтік құбылыс» | пікірсайыс | Сынып жетекшіі | 15.11 |
| 11 | «Абайла экстремизм» | Тәрбие сағаты | | 22.11 |

3. Бағыты: Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|----|---|----------------|----------------|-----------------|
| 12 | «Кітап білім ордасы» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшіі | 29.11 |
| 13 | «Қазақтың ұлттық ойындары» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшіі | 06.12 |
| 14 | «Ұмыт болып бара жатқан қазақтың тағамдары» | Танымдық сабақ | Сынып жетекшіі | 13.12 |

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Міндеттері:

этноәлеуметтік рөлдерге; өз отбасына және ұрпақ жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|----|--|----------------|----------------|-----------------|
| 15 | «Менің берік отбасым» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшіі | 20.12 |
| 16 | «Отбасы өмірдің басты символы» Жаңа Жыл 2024 | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшіі | 27.12 |
| 17 | «Отбасында зорлық зомбылыққа жол жоқ» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшіі | 10.01 |
| 18 | «Өнегелі отбасы қоғам байлығы» | Дөңгелек үстел | Сынып жетекшіі | 17.01 |

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту

Міндеттері:

мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына; экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне; табиғатты пайдалану және

қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке; кәсіби білім мен өнімді еңбекке; нарықтық экономика заңдарына құлпытты және позитивті көзқарас қалыптастыру; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға; еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|----|-------------------------------|---------------|----------------|-----------------|
| 19 | «Мамандықтың бәрі жақсы» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшіі | 24.01 |
| 20 | «Табиғатты аялайық достар» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшіі | 31.01 |
| 21 | «Адалдық адамдықтың белгісі» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшіі | 07.02 |
| 22 | «Буллингтің құрбаны болмаңыз» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшіі | 14.02 |
| 23 | «Интернет зиянды білесізбе?» | Тәрбие сағаты | сынып жетекшіі | 21.02 |
| 24 | «Зорлыққа бірге қарсымыз» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшіі | 28.02 |

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Міндеттері:

өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне; сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне; зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне; пікірталас жүргізу дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпарат көздерін сыни іріктеуге; Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне; Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру; Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|----|---|----------------|----------------|-----------------|
| 25 | «Жемқорлық індет жою міндет» Ана – өмірдің гүлі | Дөңгелек үстел | Сынып жетекшіі | 06.03 |
| 26 | «Зорлық зомбылыққа жол жоқ» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекшіі | 13.03 |
| 27 | «Құқық және заң» | Топтық сайыс | Сынып жетекшіі | 20.03 |
| 28 | «Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет» | Дөңгелек үстел | Сынып жетекшіі | 03.04 |

7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Міндеттері: толеранттық және ғаламдық пікірге; көпмәдениеттілік және көптілділікке; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; мәдениетаралық әрекетке; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына; қарым-қатынас мәдениетіне; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|----|--|---------------|---------------|-----------------|
| 29 | «Нашақорлық ғасыр дерті» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекші | 10.04 |
| 30 | «Есірткіге жол жоқ» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекші | 17.04 |
| 31 | «Мамандық таңдау менің болашағымның таңдауы» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекші | 24.04 |

8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Міндеттері:.

денсаулық жағдайының скринингіне; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге; табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға;

денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез- құлыққа; өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлыққа; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге; денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіру.

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|----|-----------------------------------|----------------|--|-----------------|
| 32 | 1 «Репродуктивті денсаулық» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекші Дене шынықтыру мұғалімі | 08.05 |
| 33 | 2 «Тазалық сұлулық кепілі» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекші | 08.05 |
| 34 | «Зиянды заттардың зардабы» | Дқңгелек үстел | Сынып жетекші | 15.05 |
| 35 | 1 «Дені сау ұрпақ жарқын болашақ» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекші медбике | 22.05 |
| 36 | 2 «Қауіпсіз интернет болашақ» | Тәрбие сағаты | Сынып жетекші | 22.05 |

2023-2024 оқу жылындағы Бастау ауылы № 2 орта мектебінің 7-сыныптың тәрбие жұмыстарының жылдық есебі

1 қыркүйек барша халықтың, әсіресе балалардың көптен күтетін мерекесі! Бұл мереке кейбір азаматтардың мектеп қабырғасын, жоғары оқу орындарына барған күндерін еске түсірсе, жас мұғалімдердің алғашқы жұмыс күні әсері мен толғанысын айғақтайтын ұмытылмас сәттерімен есте қалады.

Әрбір адамның өміріне ерекше әсер қалдыратын бұл күн еліміздің барлық тұрғындарының басын біріктіреді: мектеп табалдырығын аттауға асыққан бірінші сынып оқушылары. Әр жыл сайын бұл мейрам үлкен дайындықтан басталады. Сценарий, құттықтау сөздері, мектеп ұстаздарымен танысу және бірінші сынып сағаты өткізіледі.

<https://www.instagram.com/p/CwpNKaCo6YG/?igsh=MTMyZDAyb3E0emlrZg==>

8 қыркүйек күні Бастау ауылының N2 ЖОББМ-де төтенше жағдайлар мен лаңкестік қауіп қатер кезіндегі артық іс-қимылдарды болдырмау жағдайындағы алдын алу оқу жаттығу жиыны өтті. Жиынға мектеп оқушылары мен мектеп қызметкерлері қатысты.

<https://www.instagram.com/p/Cw62o7IozKT/?igsh=MTRyNnR2ZjdxZW90OQ==>

08 қыркүйек, 2023 жыл сағат: 12:00 Әрбір білім беру ұйымы челленджге қатысушылардың киімдерін дербес анықтайды. Сергіту сәті - бұл физикалық жаттығулардың шағын жиынтығы, сондықтан оларды орындау кезінде түрлі бұлшықет топтары қамтылады. Ағымдағы жылы республиканың барлық білім беру ұйымдарында түрлі іс-шаралар өткізу жоспарланды. Соның бірі оқушылар мен студенттер жастардың қатысуымен "Сергіту сәті" челленджі.

Челлендждің мақсаты-балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

<https://www.instagram.com/reel/Cw652K4ouS4/?igsh=YTI1dmU5OG54ZWc5>

Бастау ауылының N2 ЖОББМ -де 8-11 сыныптар "Қауіпсіз балалық шақ" 1-6 сыныпта "Жолы болсын әркімнің, орында жол тәртібін!" атты сынып сағаты өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CxHilV5o8wH/?igsh=NjkwM2xkNXpxemR3>

Бастау ауылының N2 ЖОББМ-де "Гүлдене бер Қазақстан!" атты көрмесі мектеп дәлізінде орналастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CxnTeQRofHZ/?igsh=NW13cWNyM2s1ejJh>

Бастау ауылының N2 ЖОББМ-де "Менің Қазақстаным" атты сынып сағаты өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CyiHeIojIT/?igsh=MXhoa251dWR3ZzZlag%3D%3D>

Бүгін Бастау ауылының N2 ЖОББМ 6,8 сынып оқушыларының қатысуымен "Тіл білгірлері" атты тәрбие сағаты өтті. 11 сыныптың оқушылары әділқазы алқасы міндетін атқарып, әділ бағасын берді. 6 сынып оқушылары I орынды, 8 сынып оқушылары II орынды иеленді. Жеңімпаздар тәтті сыйлықпен марапатталды. 8 сыныптың ер балалары көрермен болып, сұрақтарға жауап бергенде өздерінің үлестерін қосты. Жауапты Кенжебаева З. К.

https://www.instagram.com/p/Cz-9dkVI_8n/?igsh=MXA0NTlwZDJ1b2txdg==

Кітап білім ордасы" тақырыбында 7 сыныпта сынып сағаты өткізілді.
«Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген ұлағатты сөзде қаншама мағына,
қаншама терең ой жатыр десеңізші?! Өйткені адамзат баласына керекті рухани
байлықтың бәрі кітаптан табылады. Ал енді білімнің қайнар бастауы болып саналатын
кітапты сақтайтын, жинақтайтын, оны оқырманына жеткізетін қасиетті орын – кітапхана.
«Адамға ауа қандай қажет болса, кітапхана да сондай қажет» деген көрнекті жазушы
Оралхан Бөкейдің сөзі кітапхананың өмірдегі орнын дәл айқындап тұрған жоқ па?
Бүгінде ғылыми-техникалық прогресс пен адамзат өркениеті қаншалықты жедел
қарқынмен дамып, әлемді ақпараттық технологиялар билеп, кез келген кітаптың мәтінін
әп-сәтте интернеттен тауып алатын жағдайға жетсек те, кітапхананың орны бөлек.
Қалаған кітабыңды қолыңа ұстап, парақтап оқып, керекті ойларыңды белгілеп, жазып
алып, еркін пайдаланғанға не жетсін?! Интернет қорында да ондай жағдай бар-ау, бірақ
кітаптың аты кітап қой! Сынып жетекшісі Кенжебаева З.К

<https://www.instagram.com/p/C0N4jP5o-Sd/?igsh=MWZsb2ZpdGxsa2ttOQ==>

28.12.2023ж. Бастау ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебінде сағат 14:00-де
5,6,7 сыныптар арасында жаңа жыл кеші өтті.

<https://www.instagram.com/p/C1a6RekIRB6/?igsh=MXBndzdpZjRjN2Jndw==>

Мәңгі ұмытылмас ерлік!" тақырыбында сынып сағаттары өтті. Ауған соғысы туралы
оқушылар арасында өзара ой алмасу жүргізілді. Тарихи сәттерге шолу жасалды

<https://www.instagram.com/p/C3UuJEII14r/?igsh=OGN0emt6c3RybTQ3>